

"Инвестициялық жобаға қойылатын талаптар" нұсқаулығын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті 1997 жылғы 28 наурыз N 3 Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 15 қазанда тіркелді. Тіркеу N 396. Күші жойылды - ҚР Индустрия және сауда министрлігі Инвестициялар жөніндегі комитеті төрағасының 2003 жылғы 18 наурыздағы N 18-п бұйрығымен.

"Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасы Заңының 11, 12 және 15-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитеті қ а у л ы е т е д і :

1. "Инвестициялық жобаға қойылатын талаптар" нұсқаулығы бекітілсін.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары,
Қазақстан Республикасы
Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің*

төрағасы

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
И н в е с т и ц и я л а р ж ө н і н д е г і
м е м л е к е т т і к к о м и т е т і н і ң
1 9 9 7 ж ы л ғ ы 2 8 н а у р ы з д а ғ ы
N 3 қ а у л ы с ы м е н б е к і т і л г е н

**Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі
мемлекеттік комитетінің "Инвестициялық жобаға қойылатын
талаптар" нұсқаулығы**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Нұсқаулық "Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11, 12 және 15-баптарына сәйкес әзірленді және инвестициялық жобаға қойылатын талаптарды айқындайды.

1.2. Инвестициялық жобаға қойылатын талаптар - Қазақстан Республикасы Инвестициялар жөніндегі мемлекеттік комитетінің (бұдан әрі - Комитет) жеңілдіктер мен преференциялар беру туралы шешім қабылдау, инвестордың инвестициялық және пайдалану бағдарламалары бойынша қабылдаған

міндеттемелерін орындауына бақылау жасау үшін инвестициялық жобаның әртүрлі фазасында оған қойылатын талаптары.

1.3. Инвестициялық жоба - инвестициялық жобаға байланысты және инвестиция алдындағы инвестициялық және пайдалану фазаларынан тұратын шаралар циклы.

2. Инвестиция алдындағы фазаға қойылатын талаптар

2.1. Инвестиция алдындағы фаза - инвестициялық жоба фазасы, онда мыналар айқындалады:

- инвестициялық мүмкіншіліктер;
- жоба бойынша техникалық-экономикалық негіздемені бағалау;
- жобаның балама нұсқаларын талдау;
- жобаны алдын ала таңдау;
- қаржыландыру схемасы.

2.2. Инвестор Комитетке жоба бойынша өзінің қаржылық, техникалық және ұйымдастырушылық мүмкіншіліктерімен техникалық - экономикалық негіздемесі туралы толық ақпарат береді, ол жалпы қабылданымды халықаралық стандарттар мен Қазақстан Республикасында қабылданған стандарттарға сәйкес әзірленуі тиіс.

2.3. Инвестор барлық ақпараттың дәлдігіне және ол үшін Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңдарына сәйкес толық жауапкершілікте болады.

3. Инвестициялық фазаға қойылатын талаптар

3.1. Инвестициялық фаза - инвестициялық жоба фазасы, онда мыналар жүргізіледі:

- жобаны жүзеге асыру үшін құқықтық, қаржылық және ұйымдастыру негіздері;
- негізгі жобалық жұмыстарды қоса алғанда, технологияларды сатып алу және беру;
- келісім-шарттарды берушілермен және тұтынушылармен егжей-тегжей тиянақтау және жасау;
- жерді сатып алу, құрылыс жұмыстары мен жабдықтарды орнату;
- өндіріс алдындағы маркетинг;
- қызметкерлерді жинақтау және оқыту;
- өндірістерді пайдалануға беру және іске қосу.

3.2. Инвестор келісім-шарттағы тікелей инвестициялардың көлемдері мен оларды салудың мерзімдері, өндірісті пайдалануға беру мен іске қосудың мерзімдері, басқа да жағдайлар бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындауы тиіс.

4. Пайдалану фазасына қойылатын талаптар

4.1. Пайдалану фазасы - инвестициялық жоба фазасы, онда тауарларды немесе қызмет көрсетулерді өнеркәсіптік өңдеу және инвестицияларға салынатын қаражатты қайтару басталады.

4.2. Инвестор жобаны өзіне:

- жалпы ;
- техникалық ;
- ұйымдастыру-басқару ;
- қаржы ;
- экономикалық ;

- бюджеттік тиімділік негізінде жеңілдіктер мен преференциялар берілген пайдалану фазасына қатысты өлшемдерге барынша сәйкестікте жүргізуге міндетті.

5. Қорытынды ережелер

5.1. Инвестиция алдындағы фазаға қойылатын талаптардың орындалуын тексеру "Инвестордан түскен өтінімге сараптама ұйымдастыру мен жүргізудің тәртібі туралы" ережеге сәйкес инвестордың өтінімін сараптаудың негізінде және Комитет пен инвестордың арасында келісім-шарт әзірлеу және оған "Келісім-шартқа сараптама ұйымдастыру мен оны жүргізудің тәртібі туралы" ережеге сәйкес сараптама жүргізу жолымен жүргізіледі.

5.2. Инвестициялық және пайдалану фазаларына қойылатын талаптардың орындалуын тексеру Комитеттің "Бекітілген инвесторлардың өздеріне алған міндеттемелерінің атқарылуына бақылау жасауды қоса, инвестициялық жобалардың жүзеге асуына бақылау жасаудың тәртібі туралы" нұсқаулығына сәйкес жүргізіледі.